



№11 (10001)
6 ақпан
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Ел жаңалықтары

Егінжай – 2024

Заңға өзгерістер енгізілді



Мәжілісте Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева қанша бала отбасындағы зорлық-зомбылық салдарынан қайтыс болғанын мәлімдеді. Былтыр тұрмыстағы зорлық-зомбылық саласында 99 мың етініш түскен. Балаларға қарсы 2 452 қылмыс жасалған. Тұрмыстағы зорлық-зомбылық салдарынан 69 әйел және 7 бала қайтыс болған.

Уәкіл атағандай, тұрмыстағы зорлық-зомбылық пен балалардың қауіпсіздігі мәселелері Мемлекет басшысының үнемі назарында. Осы салада соңғы жылдары жүйелі іс-шаралар қабылданды. Заңға өзгерістер енгізілді. Мысалы, арызсыз істің қозғалуы, сенім телефоны құрылды, балаларға қарсы жасалған қылмыстарға жазаны қатаңдату бойынша бірқатар норма көзделген.

Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларының таныстырылымы өтті.

Мәжіліс төрағасының орынбасары Дания Еспаева Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінде қанша әйел зорлық-зомбылықтың құрбаны болғанын айтқан еді. Сондай-ақ өткен аптадағы Мәжілістің жалпы отырысында депутат Асхат Аймағамбетов заңдарға қандай нормалар енгізілгені отырғанын атап берді.

Өңірлік кадрлық резервтерге іріктеу басталады

Наурыздан бастап алғаш рет еліміздің барлық аймағында өңірлік кадрлық резервтерге іріктеу басталады. Аталған жобаның басты мақсаты жас мемлекеттік басқарушылардың өңірлік пулдарын қалыптастыруды және әр өңірдегі талантты жастарды тартуды көздейді. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департамент басшысы Ерлген Мендалиев хабарлады.



Өңірлік кадрлық резервіне іріктеу бірнеше кезеңнен тұрады. Атап айтқанда, бірінші кезең: 1-31 наурыз аралығында құжаттарды қабылдау жүргізіледі. Екінші кезең: 5-14 сәуір аралығында заңнаманы білуге және жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу қабылданады. Үшінші кезең: 22 сәуір мен 7 маусым аралығында «Құзыреттерді бағалау» басталса, төртінше кезеңде комиссиядағы құрылымдық сұхбат жүргізіледі. Ал бесінші кезеңде комиссияның отырысы өтеді. Жобаға іріктеуді кадр комиссиясы жүзеге асырады. Сондай-ақ өңірлік резервте болу мерзімі – 2 жыл.

Брифинг барысында облыс әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы Ерлан Бөкіров өңірлік резервке қабылданатын жас басқарушыларға қойылатын негізгі талаптарды атап өтті. Өңірлік резервке алынған азаматтар сайланатын негізгі лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметтеріне орналаса алады. Іріктеуге 35 жастан аспаған, жоғары білімді және 3 жылдан кем емес еңбек өтілі бар ҚР азаматтары қатыса алады. Сондай-ақ іріктеуден өткен талапкерлер бір ғана өңірді және бір салалық бағытты таңдауға құқылы. Одан кейін салалық бағыт пен өңірді өзгертуге жол берілмейді.

«ЖЖ» ақпарат



Дала жұмыстары пысықталды

Енді бір аттасақ, көктемге де табан тірейміз. Ал жылдың бұл мезгілінде дала жұмыстары басталып, еңбек адамдары егінге ептеп кіріседі. Жердің тоңы жібігеннен ауылдағы ағайын атыздықтарды егінге дайындап, судың келуін күтеді.

Су демекші, соңғы жылдары аяқ су мәселесі күрделеніп келеді. Бұған дария деңгейінің тым төмендігі басты себеп. Олай болатындай реті бар, Сырдария – негізінен трансшекаралық өзен. Оның үстіне сағаның соңында Қазақстан тұр. Қазір үстінен өзен өтетін елдер арасында келіссөзге дайындық жұмыстары пысықталуда. Бұған еліміз сырттан мамандар тартуға да құлықты. Ал ол нәтижелі болса, алдағы уақытта диқандар аяқ судан тарықпайды.

Өткен аптаның соңында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменовтың төрағалығымен көктемгі егін егу және дала жұмыстарына дайындық барысы туралы мәжіліс отырысы өтті. Оған облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев, Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Зейнолла Молдағалиұлы, «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы директорының орынбасары Айдос Әлібекұлы, «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының Су шаруашылығы жөніндегі кеңесшісі Жорабек Шаршыбекұлы, облыстық жер ресурстарын басқару

департаменті басшысының орынбасары Қанатбек Қуанышұлы қатысты.

Күн тәртібіне сәйкес жұмысшы топ 2024 жылы Сырдария өзенінің су шаруашылығы жағдайы, егісті әртараптандыру, суды үнемдеу технологияларын кеңінен пайдалану және егіншілік саласын субсидиялаудағы биылғы өзгерістерді түсіндірді. Сондай-ақ 2024 жылы егіс орналастыру жұмыстарын уақытылы, сапалы әрі тиімді ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Шаруашылық төрағаларына егіс орналастыру науқанын ойдағыдай өткізу үшін әлі де дайындық жұмыстарын пысықтап, көктемгі дала жұмыстарын оңтайлы мерзім ішінде жүргізуді қамтамасыз ету үшін қолда бар техникаларды толық дайындыққа келтіріп, барынша пайдалану керек екендігі ескертілді.

Айта кетейік, былтыр ауданда 37 079 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Бүгінде 195 құрылым егін шаруашылығымен айналысуда. Былтыр егінді орналастыру, күтіп баптау жұмыстары барысында су тапшылығы орын алған. Егінді сумен қамтамасыз ету үшін аудан шаруашылықтары 45 су тартқыш насос қондырғыларын

пайдаланды.

2023 жылы ауданға келген су көлемі 929,18 млн м3 болды. Бұл нақты жоспардың 89,3 пайызын құрайды. Оның 793,75 млн текше метрі егінге пайдаланылған. Егін жинау жұмыстарына 1 120 дана ауыл шаруашылығы техникасы қатысты. Атап айтқанда, 275 комбайн, 498 трактор, 121 жатқа, 58 жүк көлігі, 168 трактор тіркемесі бар. Былтыр аудан шаруашылықтары 659,1 млн теңгеге 20 ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған.

Аудандағы суармалы жерде дақылдарды орналастыру тәртібіне тұрақты бақылау жұмыстары жүргізіліп келеді. Бақылау жұмыстары барысында былтыр 1 346 гектар күріш дақылын артық егіп, ауыспалы егіс тәртібін өрескел бұзған 16 шаруашылық анықталды. Оларға заңға сәйкес тиісті шарапар қабылдау үшін облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне жолданды.

Былтыр жеке тұрғындар тарапынан картоп, көкөніс, бақша дақылдарын орналастыруға 500 гектар жер дайындалып, 921 отбасы 217,3 га картоп, 63 га көкөніс, 219,7 га бақша дақылдарын орналастырды. Орын

алған су тапшылығына қарамастан шаруашылықтар мен тұрғындар тарапынан орналастырылған егінді уақытылы, толығымен жинап алды.

Аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің мәліметіне сүйенсек, биыл бекітілген сызбасына сәйкес 36 565 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарда бар. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 18 500, бидай 770, күздік бидай 129, арпа 40, сүрлемдік жүгері 700, мақсары 530, қант құмайы 90, соя 65, сұлы 5, жаңа жоңышқа 4 850, ескі жоңышқа 7 825, картоп 650, көкөніс 1 115 және бақша өнімдері 1 296 гектарды құрайды.

Биыл 199 шаруашылық егін орналастыру жұмыстарын жүргізеді деп жоспарлануда, оның ішінде күріш дақылын орналастыратын шаруашылықтар саны – 152. Су тапшылығын ескере отырып, күріш дақылының көлемі өткен жылдан 1 300 гектарға қысқартылып, тиісінше суды аз қажет ететін бидай, қант құмайы, мақсары, жоңышқа дақылдарына басымдық берілген. Сонымен қатар жеке тұрғындар тарапынан 500 гектарға картоп, көкөніс, бақша дақылдарын орналастыру биыл да жалғасады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Еңбек адамы

Техниканың тілін білген

Аханды ауылдастары «майлталман механизатор» дейді. Сірә бұл кейіпкеріміздің мамандыққа адалдығын аңғартса керек. Астындағы төмір тұлпары сыр берген ақсулықтар осы Аханның үйін төңіректейтін көрінеді. Қанша дегенмен ұзақ жылдар тәжірибесі бар білікті маман ғой, көнігі дәрігер іспетті алдына келген көліктің диагнозын дәл қояды. Жұмысына жауаптылығынан болар, бүгінде ол «AB AGRO ORDA» шаруа қожалығында әлі де еңбек етіп жүр.

– Биыл әріптес ағамыз зейнеткерлікке шықты. Осыған дейін оның шаруашылыққа сіңірген еңбегі ерөн. Әсіресе жас мамандарды тәрбиелеуде Ахан қажырлы еңбек етті. Алдағы уақытта таңдауды өзіне бердік. Зейнеткерлікке шықса да жұмыс жасаймын десе, қарсы емеспіз. Ардагеріміздің демалғаны дұрыс қой, бірақ маған да білікті мамандар қажет. Ал ағамыз бұл жағынан жұмысына жауапсыз болған емес, – дейді серіктестік төрағасы Абай Боранқұлов.

Бүгінде Ахметқали Тыныштық-баевтың ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүргеніне 50 жылға жуықтады. Бастапқыда өзі секілді майталман механизаторға көмекші болған кейіпкеріміз бүгінде өзі де ақыл айтатын жаста. Иә, оған кейінгі

буынға қалай кейісе де жарасады. Сөбебі білетіні көп, бірақ көп білемін демейді, керісінше жастардың қасында жүріп кейбір істен шыққан техникасын ақауын таппаған болып бас қатырады. Асылы ол оның барлығын ө дегеннен біледі, бірақ кеткен жерін механизаторға айтып, «мына жерін ауыстыр» десе, кейінгі буыннан қандай маман шығады. Оның үстіне техникасы сыр берген сайын жетіп келе бергенді кім құл көрсін.

Екеуара диалог барысында Ахметқали ағамыз өткен шақты еске алып, жарты ғасыр кері шегініс жасады. Тыңдап отырсаң, естеліктері қызық, бірақ таң қаласың. Қазір салада тұтастай озық технология, көліктің ішінде де, сыртында да барлық жағдай жасалған. Ал бұрын ше, әріректе ең-

бек адамдарының, әсіресе механизаторлардың көп уақыты техниканың үстінде емес, астында өткен ғой. Оның бірін жөндеу болсаң, екіншісі қирап жатады. Сонда таңқалатыным, сол тұстағы ағаларымызда не деген төзім, шыдамдылық десеңші, бүгінде бейнестің зейнетін көріп отырғаны соның өтеуі шығар, бәлкім.

– Механизаторларға демалыс деген болмаған, көктем кіріп, жердің тоңы жібісе, сүдігерлеуге кірісеміз, жаз болса, тұқым себу, еңбек адамдарын тасу, жоңышқа, шөп басу бар, күзде болса да дамыл жоқ. Алқап басында бітік шыққан өнім қамбаға толық құйылмайынша бізге дамыл болмайды. Ал қыста дамылдайды деп ойлайтын шығарсыз. Қыста да бізге жұмыс табылады. Бірақ қазір

бұрынғыдай шаршамаймыз, бұрын техника ескі еді, бірін қалыпқа келтірсең, келесісі істен шығып жататын. Ол күндер де артта қалды ғой, – дейді дала дарабозы.

Ахан бастаған ұжым былтыр саланы оң нәтижемен қорытындылаған. Ұжым болып мол астықты жауын-шашынға қалдырмай қамбаға құйып алуда кейіпкеріміздің еңбегі ерөн. Бірақ оның қажырлы еңбегі ескерусіз қалған жоқ, сабантойда жүйелі жұмысы үшін төраға оған жалақысынан белек 2 млн теңге қаржылай сыйақы берді. Бұйыртыса, ағамыз биыл да жұмысына білек сыбана кіріскелі тұр. Соған қарағанда демалыстың ауылы алыс сияқты.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ



Жарты триллионға жуық инвестиция тартылған

Өткен жыл Сыр өңірі үшін жемісті болды. Аймақ көшбасшылар қатарынан көрініп, қомақты инвестициялар тартылды. Бұл туралы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық мәслихаттың кезектен тыс XI сессиясында айтты. Аймақ басшысы өз сөзінде 2023 жылдың негізгі жетістіктерін атап өтті.

– Мемлекет басшысы мен Үкіметтің Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция сақталды. Экономиканың негізгі салаларындағы өсімнің нәтижесінде аймақтар арасында көшбасшылар қатарынан көріндік. 2023 жылдың тамыз айынан бері республикада алғашқы үлгістіміз. Барлық көздерден жарты триллионға жуық инвестициялар тартылды, оның 73 пайызы – жеке инвестициялар. Өңірдегі мұнай қорының сарқылуы салдарынан соңғы 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі көлемі өткен жылдың қыркүйек айынан бастап оң динамикаға шықты. Өсім өңдеу өнеркәсібі есебінен қалыптасты. Осы саланың өсу қарқыны бойынша 2022 жылы республикада 11 орында болсақ, өткен жылы 1 орыннан көріндік. Экономикалық тұрақтылықты сақтау оңай емес. Сондықтан бұл қарқынды одан әрі арттыруымыз қажет, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жыл қорытындысымен облыстың өнеркәсіп өндірісі 3,6 (1024 млрд теңге), өңдеу өнеркәсібі 33,5 (308 млрд теңге), ауыл шаруашылығы 3,7 (224 млрд теңге), құрылыс жұмыстарының көлемі 40,4 (183 млрд теңге), тұрғын үй 8,4 (741 мың шаршы метр), сауда 4,7 (744 млрд теңге), көлік және қоймалау көлемі 7,8 пайызға (286 млрд теңге) артты.

Былыр аймақ бюджеті 609 млрд теңгені құрады. Оның ішінде облыстың даму бюджеті 2,5 есе артты. Быыл да салық түсімдерін арттырып, жаңа өндіріс орындарын ашу арқылы бюджет көлемі ұлғайтылмақ.

Быыл 300 шақырымға жуық жолды жөндеу арқылы жақсы деңгейдегі жолдардың үлесі 92 пайызға жеткізілмек. Қызылорда қаласында Қорқыт ата өуежайының жаңа терминалы, заманауи үлгідегі автовокзал пайдалануға берілді. Аймақ халқының 98,4 пайызы орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған. Быыл 5,4 млрд теңгеге 14 жоба жүзеге асырылады. Бұл жұмыстар 2025 жылы да жалғасын тауып, осылайша облыста ауыз су мәселесі түбегейлі шешіледі. Тұрғындарды газбен қамту көрсеткіші 75 пайыз, жыл соңына дейін 12 елді мекен газдандырылып, көрсеткіш 78 пайызға жеткізілмек.

Облыста әлеуметтік салаға басымдық берілген. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 10 мектеп бой көтеруде, тағы 11 мектептің құрылысы басталады. Физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернат ел игілігіне айналады. Өткен жылы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 25 мыңнан астам тұрғынға қызмет көрсететін 15 дәрігерлік

амбулатория ашылды, қалған 12-сі жыл соңына дейін тапсырылады. Мамыр айында Қан орталығы өз қызметін бастайды. Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін құны 20,9 млрд теңгеге Орталық стадион және 6,8 млрд теңгеге жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешені көпшілік қолданысына табысталамақ.

Өткен жылы Сыр өңірінің мәдениет және өнер саласында көптеген жағымды жаңалық болды. Быыл да осы үрдіс жалғасып, игі шаралар ұйымдастырылмақ.

– Соңғы екі жылда аймақтың мәдениет пен руханият саласында ауқымды жұмыстар атқарылды. Қызылорда қаласында жерлесіміз Марат Дүйсенбаевтың демешілігімен құны 1 млрд 700 млн теңге болатын «Анаға тағзым» орталығы ашылды. Сондай-ақ 1 млрд 500 млн теңгеге салынған «Отбасы орталығы» өз қызметін бастады. Сыр өңірінің мәдени брэндіне айналатын «Шірік-Рабат Сақ жауынгері» мен «Сығанақ ханшайымының» алтындатқан мүсіндері облыстық музейге тапсырылды. Алдағы уақытта тарихшылардың ғылыми негіздемелеріне және археологиялық қазба нәтижелеріне сүйеніп, алтын киімді «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкциялары жасалып, осы күнге дейін беймәлім болып келген, шет елдерде сақталған жәдігерлер көшірмелері ел назарына ұсынылатын болады. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, салт-дәстүрлерімізді насихаттау мақсатында халқымыздың жыл басы және жаңару айы – Наурыздан бастап Сыр өңірінде биылғы жылды «Руханият жылы» деп жариялаймыз. Жыл аясында тек мәдени-көпшілік шаралар ғана емес, ауқымды жобалар жүзеге асырылады, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Еске салсақ, былыр он жыл бұрынғы үрдіс жаңғырып, мәдениет саласын дамытуға үлес қосқан өнер және әдебиет өкілдеріне «Туран» арнайы сыйлығы табысталды. Тұңғыш рет 50-ден аса кәсіби музыканттан жасақталған симфония оркестрі құрылды. Мүмкіндігі шектеулі өнерпаздардың шығармашылығын шыңдауға арналған Инклюзивті театр үйірме жұмысын бастады. Қалалық «Жастар театры» өз алдына кәсіби ұжым болып қайта құрылып, шығармашылығын халыққа ұсынды.

Желтоқсан айында елордада Астана қаласының 25 жылдығына орай Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері жоғары деңгейде өткізілді. Халық Сыр өнерпаздарының шығармашылығына ерекше ықыласын білдіріп, оң бағасын берді. Алдағы сәуір айында осындай мәдениет және өнер күндері Алматы қаласында ұйымдастырылмақ.



Жақын күндері 1000 орындық Өнер орталығы қызметін бастайды, Жыраулар үйі ашылады. Барлық ауданда неке қию залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі орналасатын «Руханият» орталықтары салынады. Ол үшін облыстық бюджеттен 11,5 млрд теңге жоспарлануда. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан «Шығармашылық академиясы» салынады. Ал Сырдария өзенінің сол жағалауынан Сыр өңірінің құнды жәдігерлері мен экспозицияларын кеңінен дәріптеу мақсатында жаңа өлкетану музейі бой көтереді. Құны шамамен 1,6 млрд теңге болмақ.

Өткен аптада облыстағы білім беру ұйымдарының жай-күйіне арналған кеңейтілген мәжілісте Мемлекет басшысының «Адал адам» концепциясы аясында өңірдегі барлық елді мекендегі клубтар мен мәдениет үйлерінде «Адал адам» рухани-мәдени орталықтары ашылатыны мәлім болды. Орталықта балалар мен жасөспірімдер қосымша білім алады.

Еске салсақ, өткен аптадағы Қызылорда қаласы және аудандардың әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған кеңесте өзекті мәселелер қаралып, бірінші кезекте жүзеге асуы тиіс жобалар анықталды.

«2023 жылдың 13 желтоқсанында

өздеріңізбен бірге 2024 жылға арналған облыстық бюджетті 650 млрд теңгеге бекіттік. Бюджет түсімдерін 549 млн теңгеге ұлғайту, жыл қорытындысымен қалыптасқан қалдықтар есебінен 5,7 млрд теңгені қайта бағыттау, бірқатар бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің пайдаланылмаған қаржысын 22,1 млрд теңгеге қысқарту арқылы 28,3 млрд теңгені өңірдегі кезек күттірмейтін мәселелерге, оның ішінде электр желілерін тарту, елді мекендерді газдандыру жобаларын қаржыландыруға жұмсамақпыз», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі Қызылорда қаласындағы көше қиылыстары мен көпқабатты үйлердің аулаларына 700 бейнебақылау камерасын, жол жүру ережесін бұзғанды автоматты түрде анықтайтын 20 «Зияткерлік қиылыс» және 20 стационарлық жылдамдық өлшегіш қондырғысын орнатуға қосымша 2 млрд теңге бөлуді ұсынды.

Су тапшылығын ескеріп, суды аз қажет ететін дақылдар егу, әртараптандыру бағытындағы жобаларды жүзеге асыру үшін Шиели ауданында 300 гектарға тамшылатып суару әдісімен жүгері егу көзделуде. Жер дайындалды, қажетті құрал-жабдықтарға тапсырыс берілді. Жобаға 12 шақырым электр желісін тарту үшін 148,9 млн теңге бағытталуда.

Мұнан бөлек, тұрғындарға қолайлы

орта жасау үшін 7,5 млрд теңге бөлінбек. Облыс орталығы көркейіп, тұрғындардың көз қуанышына айналған, мақтаныш сезімін оятқан бірнеше ірі жоба жүзеге асты. Айналага сан берген әсем ғимараттар, көз тартар көркем аллеялар тарту етілді. Былтыр бірнеше жылдан бері жөндеу көрмеген көпқабатты үйлердің қасбеттері мен аулалары жаңғыртылды, көшелер абаттандырылуда, жолдар кеңейтілуде.

Сондай-ақ, аймақ бюджетінің басым бөлігі жұмсалатын әлеуметтік саланың шығыстарын қаржыландыруға қосымша 2,4 млрд теңге бағытталмақ.

Құн тәртібіндегі өзекті түйткілдердің бірі – тұрғын үй мәселесі де назардан тыс қалмайды. Апатты тұрғын үйдегі отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету үшін 135 отбасыға үй сатып алуға 1,7 млрд теңге бөлу жоспарланды.

Сессияда аймақ тынысынан бөлек күн тәртібіндегі мәселелер қаралды. Сондай-ақ халық қалаушылары облыстың құрметті атағына үміткерлерді де бірауыздан қолдады. Олардың қатарында қазақ руханиятына сүбелі үлес қосқан өнер адамдары мен аймақ әлеуетін көтеруге саналы ғұмырын сарп еткен еңбек ардагерлері бар.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Кеңес

Аудан бюджеті 10 млрд теңгеден асты

**ОБЛЫС ӘКІМІ
НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВТЫҢ
ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН
АУДАНДАРДЫҢ
ДАМУ ЖОСПАРЫН
ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ
КЕҢЕСТЕ ЖАЛАҒАШ
АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ
АРДАҚ ИБРАИМОВТЫҢ
ҰСЫНҒАН ЖОБАЛАРЫ
ТАЛҚЫЛАНДЫ.
АЙМАҚ БАСШЫСЫ
ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫМЕН
ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНДА
АТҚАРЫЛҒАН
ЖҰМЫСТАРҒА ТОҚТАЛЫП,
АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРДІ
БЕЛГІЛЕГЕНДЕ
ЕСКЕРІЛЕТІН МАҢЫЗДЫ
БАҒЫТТАРДЫ АТАП ӨТТІ.**



– Жалағаш ауданының да өсу динамикасы тұрақты. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 17,4 млрд теңгені, яғни 144,4 пайызды құрады. Бюджет қаражаты 99,9 пайызға игеріліп, ауданның өз кірісі 2023 жылы 1,9 млрд теңге болды, 2024 жылы 2,2 млрд теңгеге өскен. Ауданның биылғы бюджеті 10,2 млрд теңге болып бекітілді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Былыр ауданның экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасып, өнеркәсіп өнімінің көлемі 100 пайыз, өңдеу өнеркәсібі 100,3, инвестициялар тарту 144,4, бөлшек сауда 103,9, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 103,9 пайыз болды. Жалпы 5,6 млрд теңгенің 40 жобасы жүзеге асырылып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Кеңес отырысында облыстық басқарма басшылары аудан әкімі ұсынған жобаларға, олардың тиімділігі мен қажеттілігіне орай пікір білдірді. Ұсыныстар хаттамаға енгізілді. Негізінен жобалардың ең алдымен жұртшылықтың өмір сүру сапасын арттыруға тигізетін оң ықпалы ескерілді.

Жыынды қорытындылаған аймақ басшысы жүргізілген талдау нәтижесіне қарағанда, тұрғындар табысының төмендігі, жер және жергілікті химия зауытының экологиялық қауіпсіздік мәселелері жиі көтерілетінін айтты. Сондықтан жағдай мұқият зерттеліп,

қажетті шара қабылданады.

24 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асады

Кеңесте аудан әкімі Ардақ Ибраимов биыл 24 жобаны іске асыруға бюджеттен 3,4 млрд теңге бағытталғанын атап өтті. Бұл қаржыға Ақсу, Мөрәлі Шөменов елді мекендері газдандырылып, Мырзабай ахун, Аламесек, Мақпалкөл елді мекендерінің электр желілері қайта жаңғыртылады. Аудандық маңызы бар 3 жол (Таң-Самұрат, Таң-Жаңақоныс, М.Шөменов ауылына кіреберіс) және 3 елді мекеннің 26 көшесі күрделі жөндеуден өткізіледі. Сондай-ақ Жалағаш кентіндегі 2 көпөтпелі тұрғын үй қайта жаңғыртылады. Мұнан бөлек Таң ауылындағы мәдениет үйін күрделі жөндеу, 2 әлеуметтік нысанды газға қосу, 3 елді мекенде балалар ойын алаңдарын салу, аудан орталығынан 5 арендалық тұрғын үй сатып алып әлеуметтік жағынан осал топтарға беру жоспарлануда.

Бүгінде жалпы құны 10,2 млрд теңгені құрайтын 24 жоба әзірленіп, салалық басқармаларға бюджеттік өтінім тапсырылды. Атап айтқанда, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым бойынша 2 жоба жолдар мен көшелер бойынша 15 жоба, жарықтандыру бойынша 3 жоба, елді мекендерді газдандыру бойынша

2 жоба, көріз жүйесін жаңғырту және ауыз сумен қамту бойынша 1 жобадан әзірленді.

Аудан әкімі Жалағаш кентіндегі 11 көшені күрделі жөндеуге, Еңбек ауылының 3 көшесін орташа жөндеуге бірінші кезекте қаржы бөлуді сұрады. Жиында барлық жобалар егжей-тегжейлі талқыланып, тиісті сала басшыларының пікірі тыңдалды. Алдағы уақытта әрбір ұсыныс жеке-жеке қаралып, шешім қабылданатын болады.

Инфрақұрылым жеткізу ұсынылды

Ардақ Ибраимов кенттегі апатты тұрғын үйдің орнына 18 пәтерлік екі қабатты үй салуға, тозығы жеткен 3 көпөтпелі тұрғын үй мен «Ақтерек» сауықтыру лагерін күрделі жөндеуге қаржы бөлуді ұсынды. Жалағаш кентінің орталық алаңының жағдайы сын көтермейді. Кеңесте 1978 жылы салынған Отбасын қолдау орталығы ғимаратын күрделі жөндеу және жылу қазандығын газ желісіне қосу туралы да мәселе көтерілді.

А.Ибраимовтың айтуынша, аудан орталығының жеке тұрғын үй секторын және әлеуметтік нысандарды орталықтандырылған көріз жүйесіне қосу, Ақтерек жаңа қоныстан аймағына жаяу жүргіншілер жолы

мен байланыс желісін тарту да кезек күттірмейтін мәселелер қатарында. Жаңа тұрғын аумаққа 607 тұрғын үй, 11 кәсіпорлік нысан, 1 мектеп және 2 балабақша орналастыру жоспарланған. Бұл аумақты инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамту үшін байланыс желісінің, 56,4 шақырым жаяу жүргіншілер жолының жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу қажет. Оған облыстық бюджеттен 20,5 млн теңге бөлу сұралды, жобаның болжамдық құны – 512,5 млн теңге.

Мұнан бөлек аудан әкімі Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйі ғимаратын күрделі жөндеуге қаржы бөлуді сұрады. Ғимарат 1972 жылы пайдалануға берілген, ішкі және сыртқы қабырғаларының, ескі-терезелерінің тозығы жеткен, электр желісі ескірген, жиі түйықталады. Көрермен залының жабдықталуы салынғалы бері қайта жаңартылмаған. Жауын-шашыннан қосалқы қанатының төтенше жағдайларда қолданылатын төбе жабындысы үгітіліп құлаған. Соңғы рет ғимаратқа 2012 жылы күрделі жөндеу жүргізілген. Бүгінде жоба-сметалық құжат әзірлеуге демешушілер 4,5 млн теңге бөлді, жобаның болжамдық құны – 150 млн теңге.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Сақтансаң, сақтайды

**АЛАЯҚТЫҚ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ
КОДЕКСІНІҢ 190 БАБЫ БОЙЫНША
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК
КӨЗДЕЛГЕН АЛДАУ НЕМЕСЕ СЕНІМДІ
ТЕРІС ПАЙДАЛАНУ ЖОЛЫМЕН
БӨТЕННІҢ МҮЛКІН ЖЫМҚЫРУ НЕМЕСЕ
БӨТЕННІҢ МҮЛКІНЕ ҚҰҚЫҚТАР АЛУДЫҢ
БІР ТҮРІ. ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСТІҢ
190 БАБЫ ЕКІНШІ БӨЛІГІНІҢ ТӨРТІНШІ
ТАРМАҒЫНДА ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚ
ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК
КӨЗДЕЛГЕН.**

Алаяққа алданбаңыз!



Былыр Жалағаш ауданы бойынша интернет-алаяқтықтың 7 дерегі тіркелсе, биыл жыл кеше басталса да қаңтар айында 3 дерек тіркелген. Осы интернет арқылы жасалатын алаяқтық салдарынан көптеген халық «Facebook», «Instagram» желілерінде жарияланған қандай да бір мүлікті сату, микрокредиттік ұйымдардан төмен пайызбен несие алып беру туралы хабарландыруларға сеніп, қасқнемдердің құрбанына айналуға. Сондай-ақ алаяқтар тек әлеуметтік желілерде ғана емес, сонымен қатар хабарландырулар арқылы басқа интернет-сервистерде де таралған (OLX, Крыша, Kolesa.kz және т.б.).

Осыған орай интернет алаяқтардан сақ болудың қарапайым қауіпсіздік шараларын білу қажет. Ол үшін интернет алаяқтардың тарапынан өзіне қауіп төндірмеу үшін бөгде адамдарға тиісті тексерусіз ақша жібермеуге, дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламауға, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеуге, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмауға, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпауға, көз келген сілтеме бойынша өтпеуге, спам хабарламаларға сенбеу ұсынылады. Осы талаптарды сақтау арқылы әр адам алаяқтардан өзін қорғайды.

Жалағаш аудандық прокуратурасы

Тұрар Рысқұлов – 130 жыл

Моңғолды мойындатқан Тұрар

Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов туралы – Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» хикаяты, Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» роман-эпопеясы, белгілі тарихшылар Ордалы Қоңыратбаевтың «Әлихан мен Тұрар», Манаш Қозыбаевтың «Ғасыр тауқыметін арқалаған арыстар» атты зерттеуі, Зардыхан Қинаятұлының «Жылаған жылдар шежіресі» монографиясы, Қайдар Алдажұмановтың «Тұрар Рысқұлов: өмірі мен қызметі» және Гүлнәр Қозғанбаеваның «Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тарихы: өткені мен бүгіні» сынды жазылған қыруар еңбекті атап өтуге болады. Алайда осы тұлғаның өмір жолындағы аса бір күрделі кезек – Коминтерн өкілі ретінде Моңғолияға баруы.

Тұрар Рысқұлов Моңғолияға жалғыз өзі келсе керек. Оның жеке өміріне де соншалықты нақты сараптамалар жасалмаған тәрізді. Алыстағы бізге тіптен беймәлім еді. Өмірінде төрт рет неке құрғандығы айтылады. Дұрыс-бұрысы туралы өзгелер айтар. Әуелгі әйелі Ташкент генерал-губернаторы В.П.Колосовскийдің қызы Татьяна Колосовская дейді. Татьянадан 1920 жылы Ескендір (Александр) туған, оның еркелетіп қойған аты «Шурик». Екінші әйелі Надежда Пушкаревадан София есімді қыз туады. Үшінші әйелі – Вера Дергачева. Осы Верадан 1929 жылы Мая есімді бір қыз сүйеді. Төртінші әйелі Әзиза Есенқұловадан – Сәуле және Ридер.

Бұл орайда айтапымыз Тұрардың Дугарқызы Дэнсмаа (1906-1985) есімді моңғол қызбен танысқаны жөнінде. Дэнсмаа Троицкосавск (Хаягта хот) қаласында дүниеге келген. Дэнсмааның 12 жасында әкесі ақтар интервенциясы тарапынан атып өлтірілген. Содан Да Күре қаласына көшіп келіп, осында орта білім алған. 1923 жылы 17 жасында Мәскеудегі КУТВ-қа (Коммунистический университет Трудящихся Востока) оқуға аттанады. Осынау жылдары Моңғолияның Ішкі істер министрілігі, Халықтық серуен бағы, Қаржы мектебі қатарлы мекемелерде қызмет атқарған.

Қолдағы дерекке сүйенсек, моңғол аруы Мәскеуден келе жатып жолай Коминтерн өкілі Тұрар Рысқұловпен танысады. Бұл таныстық махаббатқа да ұласқан көрінеді. Сөйтіп, 1925 жылы Дэнсмаа босанып, Мая (Майя) есімді қыз табады. Бұл қыз (мамыр) айында туыпты. Өйтпегенде буддалық сенімдегі халық бұндай есімді қоюы егіталай. Жарықтық Мая 2002 жылы дүниеден өткен екен. Тұрар Рысқұлов 1925 жылы Моңғолиядағы тапсырмалық мерзімі аяқталып, Мәскеуге оралған тұста, Дэнсмаа Моңғол армиясының екінші орынбасары, корпус командирі Гончигийн Самбуу - деген офицермен тұрмыс құрады. Бұл кісі де 36 жасында 1937 жылы нәубетке ұшырап, атылады.

Маяның шынайы өмірін білетіндер аз. Десе де қож емес. Соның бірі – 1924 жылы туған моңғолиялық қазақ өнерінің майталманы, Моңғолияның халық әртісі Қайжамал Бақышқызы. Қайжамал апамыз 2020 жылы дүниеден өтті. Көзі тірісінде өз-алаға жолығып бұл туралы ауызша айтқан естелігін жазып алған едік.

1966-1975 жылдары аймақтық МДТ-ын басқарды, – деді апамыз. – Әлі есімде, 1968 жылы Ұланбатырдан бір топ өнер майталмандары Бай-Өлкеге келді. Қонақтарды Мая есімді тұлғасы жахап, сұлу әйел бастап жүрді. Делегация құрамында атқаты опера әншісі, кейін Еңбек Ері атанған Цэвэгжавын Пүрэвдорж, жазушы-драматург Чойжилын Чимэд бар еді. Топ басшысы Мая бізге ерекше ықылас танытты. Көдімгі бағзы туысқандай бз өзара тез ішесіп кеттік. Қазақты дәстүр бойынша қонақтарға қазақтың ұлттық киімдерін сыйға тартып, құрмет көрсеттік. Мая ажарлы еді және қазақтың ұлттық киімін кигенде қатты толқығанын көзім көрді. Біз өкүміз қатарлас, 43-44 жас шамасындамыз. Дәл қоштасарда Мая мені қасына шақырып алып, өзінің туған әкесі, Тұрар Рысқұлов деген қазақ болуы мүмкін екенін сыбырлап айтты және ол кісі туралы білгісі келетінін меңзеп еді. Көп жыл бұрын анасы екеуі сөйлессе керек. Кезінде Мәскеуде Коминтерн қызметкері болған Гульсым Гареевна Ахметзянова деген татар әйелдің мекен-жайын тауып, оған хат жазып Рысқұлов жайлы сұраған екен. Ол кісіден жартымды дерек, жөнді жауап та болмаған.

Демек Дэнсмаа да, Мая да Тұрар Рысқұловтың 1938 жылы 10 ақпанда атылғанынан хабарсыз болған сияқты. Мая Самбууқызы 1957 жылы Ұланбатырда Мүғалімдер жоғары оқу орнын моңғол тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіреді. Жастайынан өнерге бейім ол Моңғолия сазгерлер одағына мүшелікке өтіп, осы ұйымда жауапты хатшылық қызметте болған. Біршама патриоттық әндердің авторы. Бір қызығы, Маяның Баян-Өлкеге сапары кезінде қазақ театрының әртістерімен бірге түскен мына фотосы Т.Сарантуға деген іскер әйелде сақталыпты.

Моңғолия тарихындағы ірі оқиға – 1924 жылы көктемде елді билеп отырған Богда хан қайтыс болуымен сәйкес Коминтерн өкілі Тұрар Рысқұловтың



Суретте: сол жақтан бірінші тұрған Тұрар Рысқұлов, екінші тұрған Моңеолияның үкімет басшысы Балингийн Цэрэндорж, үшінші тұрған ала шапанды Микей Ербанов (1929-1937 жылдары Бұрыт-Моңғол обкомының бірінші хатшысы), төртінші адам белгісіз, бесінші тұрған Хор

Да Күреге келуі. Коминтерн өкілін моңғолдар шеріктерін сапқа тұрғызып, салтанатты түрде қарсы алып, МХП толық өкілетті өкілі деген лауазым берген. Тұрардың міндеті: МХП-ны Коминтерн тарапынан басқару, бағыт сілтеу, жаңа саяси жорықты ұштау, қызыл жүйеге икемдеу.

Рысқұлов келген кезде жетекші партия мен жастар ұйымы арасында күрделі қайшылық пайда болғандығы, осы қилы әрекеттердің қоғамды екіге бөлуге дейін тереңдей түскені байқалады. Партия арасындағы жікшіл топтардың желеуімен жастар ұйымы партияны феодадлық бағытқа бұрмалады деп айыптайды. Осы тұрғыда Тұрардың саяси өмірінде Моңғолияның Бас уәлиі және МХП ОК-нің орынбасар хатшысы бурят Цэвээн Жамсрано қатарлы ықпалды көсемдермен тектереске келген кездері де аз емес. Моңғолияның экономикалық және қаржы саясатына қатысты реформаларын бастаған сәттері аса күрделі болды. Осы жолда оның тікелей нұсқауымен МХП-ның ескі әрежесі мен ұстанымы жарғыртылып, МХРП және Жастар одағының жаңа тұғырнамалары жасалды.

Тұрардың бұл елде атқарған жұмыстары туралы, тарихшы ғалым Мінис Әбілтайұлының «Тұрар Рысқұлов: мұрағат құжаттары» және «Тұрар Рысқұлов Моңғолияда» атты еңбектерінде және И.Саруул, Ч.Дашдаваа, Н.Болд «Тұрар Рысқұловын Монгол дахь үйл ажиллагаанд холбогдох баримтууд», «Деятельность в Монголии члена коминтерна Турара Рыскулова» еңбектерінде біршама деректер қамтылған.

Тұрар Рысқұлов Моңғолияға келген күннен бастап Коминтерннің тапсырысы бойынша саяси реформалық ауқымды науқанды іске ерекше ұқыпты белсенділікпен кіріскен. Оның бұл әрекеті ұлты бурят-моңғол көсемі Элбэгдорж Ринчиноға тіптен жақпаса керек, дүркін-дүркін көзқарастары сәйкессейіп киілжікдесіп, кейде ашық «жұдырықтасып» та қалатын дейді. Тұрар өзі шымыр денелі, намысшыл болған және отызға толған жігіттің ішкі көкірек оты да күшті болса керек.

Моңғолия конституциясының (constitutii) авторы Тұрар Рысқұлов және оның кеңесшісі П.В.Всесвятский екені рас. Моңғол жағынан Бас уәли Б.Цэрэндорж, Ц.Жамсрано, Н.Жадамба, Г.Гэлэгсэнгэ және тағы басқалар өз кезегінде атсалысы, жақсы көмекші болды. Алайда заң жобасы сәл ертерек өзір болғанға ұқсайды. Бұл туралы Моңғолия Ғылым академиясы Тарих және археология орталық құжат қорының жазбаларында біршама ақпарат бар. Әсіресе «Коминтерн және Моңғол» деректі құжаттар жинағында: «...МХП-сына көмектесу, партия мен жастарды берекелестіру, қытайдан қорғану, коминтернге адал болу, екінші саяси күш өзге партияның туып шықпауын қадағалау, Сүн Ят Сен құрған Қытай компартиясымен арақатынасын нығайту, ең керегі партияның ішкі тәртібін қатаң ұстану қатарлы 9 түрлі шартты іс қызметті атқару белгіленді» делінген («Коминтерн және Моңғол». Ұланбатыр, 1996. 66-6.).

Моңғол халық партиясы 10-айдың 6-сы күнгі 37-реткі отырысында қаулы қабылдап: коминтерн өкілі, Тұрар Рысқұловтың бұл елге келгендегі міндеті ерекше белгіленіп және өкілдің келуін «ұлы қуаныш» деп мақұлдады. Қаулының бірінші бабында: «Моңғолияға арнайы тағайындал жібөрген Коминтерн өкілі жолдас Рысқұловтың әр нұсқауын мүлтіксіз орындаумен қатар Коминтерннің нұсқаулары Моңғолдың халық партиясының үшінші съезінің қаулысы есебінде қаралып, партияның барлық іс қызметінің негізі – Коминтерннің тура ұсынысы ретінде атқарылуы керек» делінген.

Сөйтіп, Моңғол халық партиясының есептік баяндамалары, жарғысы мен тұғырнамасы, идеологиялық ұрандары мен жалаулы науқандары, баспасөз, партия қатарын тазалау, тағы басқа істері түгелдей Тұрар Рысқұловтың тікелей араласуымен шешімін табатын болды. Жалпы, Тұрар Рысқұловтың Моңғолиядағы тарихи іс-қызметін

растайтын деректер Моңғолдың халық партиясының саяси тарихнамалық құжаттарында да, кезекті съездер мен үлкенді кішілі пленумдарының хаттамаларында да, МХП ОК-нің Саяси бюросының есептік баяндауларында да баршылық. Бірақ ғылыми тұрғыдан арнайы зерттелген сараптаулар мәрдымсыз. Кейбір құжаттарда тіпті үстірт көзқарастарға да жол берілген.

Тұрар Рысқұловтың Моңғолияда атқарған іс-әрекеттерін айғақтайтын архив құжаттары кейде әдейі назардан тыс қалдырылып келгенін ғалым Мінис Әбілтайұлы тілге тиек етеді. Өйтпегенде, Моңғол Халық Республикасының тұңғыш конституциясы мен партия жарғысының жобасын, үкіметтің ішкі, сыртқы саяси тұғырнамасы Рысқұловтың қолымен жасалған. Оның ұсынысымен МХП мен Жастар одағы арасындағы саяси дау-дамай жөнге келтіріліп, Моңғолияның алдында тұрған тұңғыш конституциялық демократиялық бағдары жүйеленгені ақиқат.

Осы жылдары Рысқұловтың ширақ іс-қимылы – панмонголизмшіл Ринчиноға ұнамады. Бұл өзі Моңғолияға 1915 жылы арнайы «енгізілген» түсініксіз пенде. Бұл кісі 1920 жылы моңғол отанышылдары Мәскеуге сапарлағанда тілмаш қызметін атқарған. 1921 жылғы аласапыраннан кейін үкімет мүшесіне дейін көтерілген өте күрделі саяси тип. Моңғол үкіметі мен партия басшыларын бірін екіншісіне жаныстыру, шағыстыру арқылы ұлтшыл тұлғалар Догсомын Бодоо, Солийн Данзан, Дамбын Чагдаржав қатарлы ықпалы зор мықтылардың көздерін құртуға себепкер болған.

Ринчино КСРО-ның Моңғолиядағы төтенше және өкілетті елшісі А.Н.Васильевпен астыртын ымдыра-ласып, Тұраға қарсы тұзақ құрып, Коминтерн атқару комитетіне және КИМ-ге (Коммунистический интернационал молодёжи) Рысқұловты жамандап арыз айдаумен болады. Әрі кейбір тұрақсыз кісілерді осы әрекетке азғырады. Мысалы, Моңғолиядағы КИМ-нің өкілі, «дәрекі» А.Г.Старковты дегенге көндіріп алады. Рысқұлов пен Ринчиноның өзара ұрыс-керісі, дау, тартысы туралы Сүн Хьён Сүктің және бурят журналисі С.Очировтың еңбектерінде егжей-тегжейлі баяндалған.

Осылай Коминтерн өкілі Тұрармен бас араздығы күшейген Элбэгдорж Ринчино 1925 жылы тамыздың 20-сы күні Мәскеуге қайтарылып алынады. 1937 жылы маусым айында Ішкі қорғаныс халық комиссариаты шешімімен тұтқындалып, 1938 жылы маусымның 23-і күні атылады. 1957 жылы ақталған. Бұл туралы арнайы тапсырыспен жазылған «Жетіқарақшы жұлдыз сенбейді» атты киносценарий де бар.

Тұрар Рысқұлов Моңғолияда басы бүтін тоғыз ай тұрпыты. Келген уақыты 1924 жылғы мамырдың соңы һәм маусымның басы, 1925 жылы шілдеде қызметінен ресми босап, Матвей Амгаев деген ұлты бурят Коминтерннің тағы бір өкіліне ресми жұмысын өткергенге дейін аса қарқынмен еңбек етті.

Осы аралықта конституция жобасын жасап, оны 1925 жылы наурыз айында өтуге межеленген МХП ОК-нің пленумына талқылауға жолдап, 1925 жылы мамырдың 15-күні Мемлекеттік ІІ пленумында Халықтық үкіметтік мерекені шілденің 11-і күні жасауға шешім қабылдауы да Коминтерннің қатаң нұсқауына қатысты іс-шара болса керек. Сондай-ақ 1925 жылы қыркүйектің 15-і күні шақырылған МХП-ның IV съезіне ұсынылған жалпы 6 бөлім 50-баптан тұратын конституция жобасы Коминтерн өкілі Тұрар Рысқұлов және кеңесшісі П.В.Всесвятскийдің көмегімен өзір болған. Осы құжаттың бірінші бабында: «Күллі Моңғол елін бұдан кейін «Жалпы Берекешіл Толық Құқылы Халық Республикасы» (Republ-ic) деп атаумен қатар, Мемлекеттің ең жоғарғы құқығын жалпы бұқара егелеу, елдің қандай бір ісін Мемлекеттік Ұлы хурал сонымен бірге заң бойынша сайланған Үкімет орны шешеді» делінген.

Сөйтіп, жаңа конституция арқылы монархиялық билік жойылып, рес-

публика тәуелсіз мемлекет, өкімет билігі Ұлы хуралда, аралық уақытында Мемлекеттік Кіші хурал басқармасы мен Үкіметте сақталады деп атап көрсетіп, жер оның қойнауындағы байлық халықтың меншігі, қасынан жаңа құрылған Үкіметтің қасында экономикалық Кеңес құру, елдің бұрынғы астанасы Да Күренің атын «Ұланбатыр» деп өзгерту жөнінде көптеген маңызды бап енгізілді.

Тұрар Рысқұлов МХРП ОК-нің 1925 жылғы наурыз пленумын өзі басқарады. Осы жиында Моңғол халық партиясының (МХП) атын өзгертіп оны «Моңғол халық революциялық партиясы» (МХРП) деп атауды ұсынады. Жаңа негізгі заң күшіне енетін өліара тұста жас кадрларды шетелде даярлаудың ең бастапқы алғы шарттарын да осы Рысқұлов жасады. Оның дәлелі – партия мектебіне оқытушылыққа шақырылған Моңғолия үшін тұңғыш марксизм ілімінің кеңестік дәріскері Коняевті келтіруді өтініп, Коминтерн басшысы Ф.Ф.Петровка жолдаған хаты. Сонымен қатар «Армияны тұтастай буряттардан жасақтаймыз» деген сыңаржақ науқаншыл әрекеттерге қарсы шығып, бұл пікірге Моңғолиядағы кеңесші офицер Дмитрий Косичті көндіріп, барынша әділдік жағында тұрған да Тұрар Рысқұлов. Тағы бір жолы жасаппаз ісі әйелдерді оқытуды жолға қойды. Қоғамдағы кейбір зәру мәселелердің шешімін табу мақсатында жаңадан Кәсіподақ ұйымының тағанын қалады.

Т.Рысқұлов авторлығымен жасалған конституцияның 1924 жылы 11-айдың 8-24-аралығында қабылдану рәсіміне қатысты. Бұл тарихи оқиғаға моңғолиялық қазақ князі Дөлелхан Сүкірбайұлы, белгілі қоғам қайраткері Дәуітбай Тауданбекұлы да қатысып құттықтауын айтқанын ғалым Мінис Әбілтайұлы жоққа шығармайды. Рысқұлов нұсқасы бойынша жасалған Моңғолия конституциясының ең керемет қағидаларының бірі – тұңғыш парламент Моңғолдың Кіші хуралы мәртебесінің белгіленуі еді. Парламент шақырылмаған кезде оның міндетін «МКҚ басқармалары» деген ұйым атқаруы шарт деген Тұрардың ұсынысы жеке бап болып енді.

Республика жариялануына сай МХР астанасының аты Ұланбатыр-Улаанбаатар болып өзгертілуі жөнінде де тарихи сараптар жетерлік. Бұл туралы тарихшы Зардыхан Қинаятұлы да нақты бағалайды (Қинаятұлы 3. «Жылаған жылдар шежіресі». Алматы: Мерей шағын семьялық кәсіпорны. 1995. – 97-98 б.).

Тұрар Рысқұлов – Моңғолияның тұңғыш конституцияның авторы, әуелгі парламенттік жүйенің негізін қалаушылардың бірі, жаңа астананың атауын мөлгенен тұлға. Бұл туралы тарихшы Зардыхан Қинаятұлының: «...Моңғол елі қазақ деген халықты конституция қабылданғаннан кейін таныды, қазаққа деген саясатының жөн-жосығы осыдан кейін қалыптаса бастады.» деуінде де бір ақиқат бар тұры Өкініштісі, бүгінде Моңғолияда Тұрар Рысқұловтың тарихи есімі еш жерде аталмайды, аталса да көбінесе қарсы нитеттеп екіұштылау дүбәра жазбалар ұшырасады.

Моңғол үкіметі Қытаймен келіссөз, мәміле жүргізер тұста Тұрар Рысқұлов Коминтерн өкілі емес, «Қазақбай» деген бүркеме атпен өкілдер құрамына еніп, тұңғыш рет моңғол-қытай дипломатиялық қарым-қатынасына үлесін қосты деген де дерек кездеседі. Қытайға баратын ресми өкілдер құрамына енген «Қазақбайға» 1925 жылы наурыздың 24-і күні берілген куәлікке МХП ОК-нің бастығы Цэрэн-Очирын Дамбадорж және Ганжуурын Гэлэгсэнгэ екеуі қол қойған («Тұрар Рысқұловтың Моңғолиядағы іс қызметіне қатысты құжаттар», ҰБ, 2006. – 68-69 б.).

Моңғолия атынан 1925 жылы 3-айдың 23-і күні Қытайға мекеленген шаһар: Сыртқы істер министрі А.Амар, Ішкі істер министрі Ц.Наванцэрэн (Рысқұловтың ұсынысы бойынша енгізілген), МХРП ОПК-нің хатшысы Г.Гэлэгсэнгэ бірге барған. Бұл шешім – КСРО Сыртқы істер министрі Г.В.Чичериннің араласуымен жолға қойылса керек. Тұрардың бұл сапар-дағы құпия есімі – «Қазақбай», аудармашысы Шүриін Тэвэят (1869-1948) – есімді қазақша және ұйғырша білетін ұлты ұранқай адам.

Қазақбай-Рысқұлов Қытай еліндегі КСРО елшісі Лев Караханмен Бейжіңде кездескен. Ол 1924 жылы 23 қазанда Бейжіңде төңкеріс жасап үлгерген қытай генералы Фан Юй Сенмен кездесуді ұйымдастырады. Бұл туралы жазылған деректер жетерлік.

Тұрар Рысқұловтың Мәскеуге қайтуы да біршама оқиғаның куәсі ретінде тарихта қалды. Ринчиомен екеуара араздықтың салдарынан қос тұлға да кері қайтуға душар болса керек. Бұл туралы 1925 жылы мамырдың 15-і күні өткен МХП ОК басқарма мүшелерінің отырысында жарияланады. Сол кездегі құжаттарда «Рысқұловтың мінез-құлқындағы шөл-кестік және өз дегенінен қайтпай, іс әрекет жүргізетіндігі» тілге тиек етілді. Алайда даңқты қайраткердің 9 ай мерзімінде атқарған игілікті ісі тарихқа өшпестей таңбаланды.

Сұраған РАХМЕТҰЛЫ, тарих ғылымдарының кандидаты

«Қарызсыз қоғам»

қалай құрылады?

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР АРАСЫНДА БЕРЕШЕГІ БАР АДАМДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫ БИЫЛ БАРЛЫҚ ӨНІРДЕ ЖҮРГІЗІЛЕ БАСТАДЫ. ЕЛІМІЗДЕГІ 17 ӨНІР МЕН 3 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАНЫ ҚАМТИТЫН БҮЛ ЖОБАДА ҚАРЖЫ САРАПШЫЛАРЫ ХАЛЫҚТЫ ОҚЫТАТЫН БОЛАДЫ.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасының тиімділігін атап өтіп, оның игілігін бүкіл ел көруі үшін ауқымын кеңейтуді тапсырған болатын. Осы орайда 2024 жылдың 5 ақпанынан бастап «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында қаржылық сауаттылықты арттыру курсы басталды. Жеке тұлғалар арасында проблемалық берешегі бар адамдардың қаржылық сауатын арттыру мақсатындағы жобаның алғашқы оқу күні кеше ауданда «Руханият орталығында» басталды.

Аталған жобаның мақсаты мен міндеттері туралы «AMANAT» партиясы Жалағаш аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева сабақ барысында тілге тиек етті. Сондай-ақ қаржы сарапшысы, оқытушы Жанна Умарова жобаға қатысушыларға қаржылық мәселелердің қалай туындайтынын, несиелік қарыздардың санын азайтудың жолдарын, алаяқтық әрекеттерді қалай анықтауға болатындығын жөнінде түсіндірді.

Қаржы саласының мамандары жыл бойы 150 мың қазақстандыққа қаржылық сауаттылық курсын өткізеді. Әсіресе, онда несие мерзімі 90 күннен асып кеткен азаматтарға басымдық беріледі. Жоба аясында қаржы сарапшысы Жанна Умарова 50 адамды 5 күн бойы оқытып, оқу соңында сертификат табыстайтын болады.

– Бұл жоба ауылдық елді мекендердің тұрғындары үшін ең өзекті жоба. Себебі екі тұрғындар қаржылық сауаттылықтарының аздығынан қарызға белшенеден батып, өз бетінше құтыла алмай жүреді. Қазіргі кезде көп адам өздерінің шығынын несиемен өтеуге құмар. Сол себепті де көбінің шығыны кірісінен асып түседі. Тіпті кейде адамдар алған несиесінің қарызын екінші бір несие алып, жауып жатады. Соған байланысты елімізде өткен жылдан бастап «Қарызсыз қоғам» жобасы іске қосылды. Бұл жоба мемлекет басшысынан қолдау тауып, биыл да өз жалғасын тапты, – деді қаржы сарапшысы, оқытушы Жанна Умарова.

Айта кетейік, «Қарызсыз қоғам» жобасы – «AMANAT» партиясы мен Halyk Bank-тің бірлескен бастамасы. Аталған жобадан несие бойынша берешегі бар және борышкерлер тізімінде тұрған тұрғындар, қарызы бар және оның мерзімін өткізіп алған азаматтар, мемлекеттен жеңілдікпен несие алуға үміткер кәсіпкерлер оқудан өте алады.

Жоба аясында ауылдық елді мекендердің 80 мыңға жуық тұрғынын қамту жоспарланған. Қатысушылар оқу барысында өз қаражатын тиімді басқаруды және шығынды ңнтайыландыруды, қаржыға қатысты қандай да бір мәселе пайда болғанда оның шешімін табуды үйренетін болады.

«AMANAT» партиясының бастамасымен жүзеге асып жатқан жоба шеңберінде 2023 жылы республикамыздың 8 өңірінде 65 мың тұрғын қаржылық сауаттылық курсын оқып шыққан. Сонымен қатар қазіргі таңда жоба аясында еліміздегі барлық жоғары оқу орындарда, колледждерде және мектептерде қаржылық сауат бойынша білім беру платформасы іске қосылып, қаржылық сауат курсы енгізілетін болады.

Сезім НҰР

Бақұл бол, аяулы ұстаз

Ардақты ана, асыл әже, ұлағатты ұстаз Жүндібәева Бәтеш 2024 жылы 1 қаңтарда өмірден озды. Зұлаған уақыт десенші, оған да қырық күндей болыпты. тағдырдың басқа салған сынағына не шара, сабыр қылмасқа амал жоқ. Тек ол жайында ендігі жерде өткен шақпен естеліктер айту қиына соғады.

Б.Жүндібәева 1933 жылы 1 қаңтарда Жалағаш ауданы бұрынғы «Елтаңа» колхозында дүниеге келген. 1939-1950 жылдары аралығында Жалағаш кентіндегі Сталин атындағы орта мектепте, 1951-1955 жылдары аралығында Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетінде білім алды.

Еңбек жолын 1955 жылы өзі оқыған Сталин мектебінде ұстаз болып бастаған. Қоғам қайраткері Сейітнабі Мұқановпен отбасын құрғаннан кейін қызмет бабымен Қармақшы, Терөзекте аудандарындағы орта мектептерде математика пәнінен сабақ берген. Кент орталығындағы №123 орта мектепте 1967-1979 жылдары, №246 орта мектепте 1982-1986 жылдары ұстаздық еткен. Еңбек жолында өзінің ұстамдылығы, білімділігі, қарапайымдылығымен шәкірттерінің жүрегінен орын таба білді.

Жастық шағы «Ұлы Отан соғысы жылдарына тура келгендіктен, еңбекке ерте араласқан. Тылдағы ерен еңбегінің арқасында «Тыл ардагері», «Ұлы Отан соғысындағы жеңісі үшін» мерекелік мадалдарымен марапатталған. Ұстаздық еңбегі үшін Қаз ССР-ның «Халыққа білім берудің озық қызметкері» тәсбелсізімен марапатталған.

Б.Жүндібәева апаламыздың жатқан жері жайлы, жаны жаннатта болсын. Бәтеш Жүндібәеваның ұстаздық бейнесі әріптестері мен шәкірттерінің жазында ұзақ уақыт сақталады.

Т.Садіқов, Г.Қурманбаева, Г.Аханаева, Ә.Ерәлиев, А.Айбосынова, А.Токтықбаева, Г.Примжанова

Мәселе

Қорғаныс саласына қолдау бола ма?

Қазақстанның әскери әлеуеті Өзбекстаннан төмен. Бұл сөзімізге әскери әлеуеті мықты мемлекеттер қатарында еліміздің өзгеағамдардан кейінгі орынға жайғасуы дәлел бола алады. Иә, бұған қатысты «Неге еліміз тым төменгі сатыда?» деп алаңдауға негіз бар. Алайда бұл сауалдың түйінін тарқатуға әңгімені әріден бастаудың қажеті шамалы.

4 жылда 17065 әскери қызметінен кеткен

Өткен аптада Қазақстан Қорғаныс министрінің орынбасары Сұлтан Камаладинов Парламент қабырғасында саладағы өзге де өзекті мәселелерді ортаға салды. Оның сөзінше, соңғы төрт жылда елімізде 17 065 әскери қызметінен кеткен. Сондай-ақ қарулы күштер қатарынан 4 301 офицер, келісім-шартпен жүрген 12 764 әскери өз еркімен жұмыстан шыққан. Спикер мұны бір уақытта 15 бригададан айырылумен тең дейді. Ал себебін сұрасаңыз негізі біреу, яғни салаға бөлінетін қаражат тым төмен көрінеді. Сөзімізді растау үшін тағы да сандарды сөйлетеміз...

Әскерилер жалақысы тым төмен

Елдегі орташа жалақының қатардағы мергеннің айлығы 30 пайызың, танк операторының жалақысы 40 пайызың, рота сержантының жалақысы 59 пайызың ғана құрайды. Былтыр орташа жалақы 350 542 теңге болса, бұрын офицерлердің айлығы орташа жалақыдан жоғары болыпты. Өкініштісі, 2021 жылдан бастап елдеқайда төмендеген. Міне, сала мамандарының әскерилердің жұмыстан кетуін жалақының төмендігімен байланыстыруын осыдан кейін жоққа шығара алмаймыз.

Қорғаныс министрлігінде қатардағы атқыштың жалақысы 89 211 теңге болса, ұлттық қауіпсіздік комитетінде 185 855 теңгені құрайды. Қорғаныс министрлігінде взвод командирі 231 159 теңге алса, ұлттық қауіпсіздік комитетінде 335 857 теңге жалақы алады. Қорғаныс министрлігінде рота командиріне 275 675 теңге төленсе,



Ұлттық қауіпсіздік комитетіндегі шекара департаментінің бастығына 371 637 теңге жалақы қаралған. Осыдан-ақ қорғаныс саласындағы айтылған кемшіліктерді қолдаудың аздығымен байланыстыруға толық негіз бар.

Сарапшылар тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан әскерінің әлеуметтік жағдайы нашарлап кеткен дейді. Оған негіз де жоқ емес, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тоқырау болды деп түсіністік танытарсыз, бірақ 2010 жылдан бері де салаға айтарлықтай қамқорлық болды деу қиын. Мәселен, 2012 жылы заңмен әскерилерге берілген көп артықшылық, жеңілдік пен төлем жойылған. Бұл әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне де әсер етіп, олардың мәртебесін айтарлықтай нашарлатқан. Әскери қызметшілердің әскерде тұрақтамауы қорғаныс министрлігінің ерекше алаңдаушылығын туғызып отыр. Мұны министрліктің өзі де мойындайды.

Мысалы, бұған дейін полигондағы жаттығуларға, іс-сапарға күнделікті үстеме ақысының 60 пайыз мөлшерінде қосымша қаражат қарастырылған. Сонымен қатар

бірінші келісім-шартты жасау кезінде біржолғы ақшалай сыйақы да болған. Қазір ше, бүгінде бәрі басқаша. Яғни ондай ынталандыру қаражаттары төленбейтін болған. Сонымен қатар зейнетке шығу жасы да ұзарып кеткен.

Жоғарыда біз 4 жылда 17 065 әскери жұмыстан кеткен дедік. Ал вице-министр негізінен бұл 2020-2023 жылдары аралығында Қарулы күштерден осыша әскери қызметтен босаған дейді. Тарқатып айтсақ, 2020 жылы 771, 2021 жылы 955, 2022 жылы 1157 және 2023 жылы 1418 әскери қызметші жұмысынан босаған. Осыша уақытта келісім-шарт негізінде 12 764 адам жұмыстан шыққан.

Керіп отырғандарыңыздай, 2020 жылдан бері әкери қызметтен кеткендер саны азаймақ түгілі тұрақтамаған да. «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар» дегендей, жағдайы жақсы, жалақысы мардымды болса, осыша әскери қызметшінің аз уақытта жұмыстан кетіп несі бар.

Бұрын Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің балама лауазымдағы қызметкерлері бірдей

жалақы алған. Ал қазір бәрі басқаша. Мұндай жалақы жастарды әскери қызмет атқаруға ынталандырмайды. Тіпті соғыс уақытында да жағдайды қиындатуы әбден мүмкін.

Жаман айтпай, жақсы жоқ. Қазір әлем құбылып тұр. Үлкен державаларды былай қойғанда, кейбір мемлекеттер арасында түсініспеушіліктер туындап, арты соғысқа ұласыпжатыр. Мұндаймәселеденсақтасың, десе де «сақтансақ, сақтайтынын» қаперден шығармаған да дұрыс шығар. Оның үстіне «жыылғанға жұдырық» дейміз бе, соңғы жылдары жастардың әскерден жалтаруы да белен алып барады. Оған байланысты біржақты көзқарастан адамыз. Соңғы жылдары әскерде бейбіт күнде қаза болған сарбаздар көбейді. Бұл баланы былай қойғанда, ата-ананың да кері көзқарас қалыптастыруына әкеледі. Елде әскер қатарында балаларымыз көз жұмса, әскерилерге мардымды жағдай жасалмаса, салаға серпін беремін деу бос сөз болмай ма? Ойланайық...

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Айтпайын десең...

Отбасы тәрбиесінде кішкентайымыздан бойға сіңіретін адамгершілік ұғымы қазірде шетте қалып кеткен сияқты. Әр істен сабақ алудың орнына бір басқан шоқты қайта айналып басамыз. Әлеуметтік желіде бір-біріне қол көтеріп, балағаттау, зорлық-зомбылық көрсету секілді нәрселерді жариялап жөнге саламыз деп жүргенде, жаратылысымызға мүлде жат қылықтар қанымызға сіңіп кетпесе болар еді...

Ашуды қашан ақылға жеңдіреміз?



Қарағанды облысында өз қызметі бойынша түнгі кезекшілікте жүрген жедел жәрдем қызметкері науқастан түскен шақырту бойынша көпқабатты тұрғын үйдің алдына келіп тоқтады. Көлік жүргізушісі көлікте әріптесін күтіп отырған сәтте оған бейтаныс жігіт бас салған.

– Мен көлікте әріптесімді күтіп отырдым. Бір кезде көлік қатты теңселіп кетті, айнадан қарасам, ешкім жоқ. Бір кезде қолында қорашшасы бар жас жігітті байқадым. Ол маған қарай келіп, мені балағаттап, өзін айнадан көргенімді, оған әдейі жол бермегенімді айтты. Ол жаяу кетіп бара жатқан еді, мен оны әуелде көрмедім де. Бірақ ол маған сенбей жұдырық жұмсай бастады. Сол сәтте біз шақырту бойынша келген кішкентай науқасты ауруханаға жеткізу үшін әріптесім оны сыртқа алып шыққан еді, ал бейтаныс жігіт оларды көрген бойдан қаша жөнелді. Мен рөлге отыра алмадым. Себебі көзім бірден ісіп кеткен болатын. Сол үшін екінші бригаданы шақырдық, – дейді жедел жәрдем көлігінің жүргізушісі Төреғали Берікқалиұлы.

Іздестіру жұмыстары жүргізілгеннен кейін денсаулық сақтау министрі медицина саласында әсіресе, жедел жәрдем бөлімінде еңбек ететін қызметкерлерге қатысты мұндай зорлық-зомбылық әрекеттеріне мүлдем жол берілмеуі керектігін және мұны құқық қорғау органдары қатаң түрде жолын кесуін тілге тиек етті. 28 қаңтар күні күдіктіні сырттай қамау туралы прокурордың шағымы тағайындалған болатын. Кеше сот отырысынан кейін жаза күшіне еніп, жүргізушісі соққыға жыққан Нұрболат Дөкебаев екі айға қамауға алынды.

Бұрын жедел жәрдем көлігімен науқас алып келе жатқан ақхалаттыларға жол бермей тұрған көлік жүргізушілерін көргенде таң қалатын едік. Ал олардың жұмысына кедергі келтіріп, қол көтеру бұзақылық қана емес, адамгершілікке де жат қылық. Қазір бұндай істерге қарсы заңға қатаң әгеріс енгізіп, жазаны күшейту керек. Себебі адамдардың белгілі маман иесіне қол көтеруі бірінші рет болып жатқан жоқ. Мәселен, былтыр желтоқсан айында қоғамдық көлік ішінде жолаушы жанжал шығарып, көлік жүргізушісі әйел адам болғандығына қарамастан оған қол жұмсаған, ал жүргізуші есін жоғалтып, көлікті басқара алмай қалған болатын. Оқиға салдарынан көлік жүргізушісінен бөлек, үш адам қаза тауып, төрт адам ауыр жарақат алды.

Кейде адамдардың осындай істеріне қарап қарның ашады. Өзге ұлттан ерекшелейтін қазақы тәрбиеміз, үлкенге құрметпен, кішіге ізетпен қарайтын ежет мінезіміз, әр қазақты қандас бауырым дейтін бауырмашылық пен адамгершілік қасиетіміз қайда қалды? Әлде Мөңке би айтқандай:

Азарсың жұртым, азарсың,
Азарыңның белгісі,
Ішкенің сары су болады,
Берсең итің ішпейді,
Бірақ адам оған құмар болады.
Қиналғанда шапағаты жоқ жақының болады.
Ит пен мысықтай ырылдақан,
Еркек пен қатының болады.

Сөздің маңызы кетіп, самалы қалар. Сөйтіп, ақылы жоқ, санасыздың заманы болар, – деп болжап кеткен заман осы ма деп ойланып қаласың...

Әрқайсысымыз адамгершілік болмаған жерде әділдік те болмайтынын, халықтық мүдде ұмытылатынын ұққанымыз жөн. Әйтпесе осындай «есі кірген ересек қой» деп жүрген азаматтардың тәрбие алған жастарымыз кішкентайынан бұзақылыққа құмар болып өсетіні даусыз.

Естеріңізде болса, былтыр Жетісу облысы, Қаратау ауданында 8 сынып оқушысы 34 жылдық тәжірибесі бар өз ұстазына қол көтеріп, оны басынан жарақаттаған болатын. Мұғалім оқушысының болашағына балта шаппас үшін арыз жазудан бас тартып, оқушыға тек ескерту ғана берген.

Айта берсек, халық арасында болып жатқан бұндай жәйттар көп. Кейде халық жағдайын жасамайды деп мемлекетке қарсы шығып, болмашыға ренжіп жатамыз. Бірақ өзгерісті әркім өзінен бастау керекін ұмытпағанымыз жөн. Адамды адам ететін адамгершілік екенін ескеріп, әр адамға маман емес, ең әуелі адам ретінде қарай білгеніміз жөн.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Ұлттық қор – балаларға: Алғашқы төлем түсе бастады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында Балалар жылы аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағдарлама іске қосылатынын айтқан болатын. Осы ретте ол жыл сайын Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ын балалардың жеке шотына аударып отыруды ұсынды. Бүгінде барша қазақстандық бір-бірінен сүйінші сұрап, қуанышты жаңалығымен бөлісуде.

– Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есеп-шотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жинақталған қаржы балалар көмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басыуна мүмкіндік береді. Қор, шын мәнінде, ұлттық мәртебеге ие болып, халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Бастаманы мұқият зиярлеу қажеттігін ескере отырып, жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан жүзеге асыра бастауды тапсырамын. Ұлттық қор табысының 50 пайызы балаларға аударылады, – деді ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы Жолдауында.

Сөйтіп «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша 18 жасқа дейінгі балалардың алғашқы несібесі өткен аптада түсті. Ресми деректер бойынша аталған бағдарламаға 6 919 131 бала қатысқан. Оның ішіндегі 304 815 бала биыл 18 жасқа толады. Яғни әр балаға 100 доллар 52 центтен аударылды. Негізі бұған дейін «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында 18 жасқа дейінгі балаларға 150-160 доллар түсетіні айтылған болатын. Алайда жеме-жемге келгенде балалардың шотына уәде етілген қаражат түспеді.

– 2022 жылғы 1 қарашада президент бұл бастаманы көтеріп, тапсырма берді.



Сол кездегі есептеуге сәйкес, еліміздегі балалардың саны 6 млн 400 мың болатын. Бүгінде олардың саны – 6 млн 919 мың 131. Кердіңіз бе? Сол есептеуге сәйкес, бүгінде бөлініп жатқан қаражаттың сомасы – 695 млн доллар. Осы соманы 6 млн 919 мың 131 балаға бөлсек, сонда 100 доллар 52 цент шығады, – деді қаржы вице-министрі Дәурен Темірбеков.

Ол жыл сайын жинаққа түскен қаражат өзгеріп отыратынын, Ұлттық қорға түсетін қаржы ұлғайса балалар шотына түсетін сома да көбейетінін айтады.

Бағдарлама аясында алдағы уақытта бала санына қарай түсетін қаржыны болжау мүмкін емес ерине, дегенмен халық санының көбейетінін болжау қиын емес.

Айта кетейік, бұл жобаға 2024 жылы 18 жасқа толатын еліміздің барлық азаматы қатыса алады. Мәселен бала 2023 жылдың 31 желтоқсанында 18 жасқа толып кетсе, бұл жобаға қатыса алмайды. Ал 2024 жылдың 1 қаңтарында 18 жасқа толған болса, тиісті төлемін алады.

Көмелетке толған қазақстандық осы шотқа түскен ақшаны екінші деңгейлі банктер немесе «Қазпошта» арқылы бас-пана сатып алуға және оқуға жұмсай ала-

ды. Осы жерде ескеретін тағы бір жәйт, бала өзінің шотына Ұлттық қордан түскен төлемді елімізбен қатар, шетелде де білім алуы үшін жұмсай алады. Бірақ баспананы тек еліміздің аумағынан сатып алуға тиіс. Балалардың шотындағы ақша доллармен жиналады және 18 жасқа толған соң қажетіне жарату кезінде сол кездегі курс бағамына сәйкес теңгеге айналдырып ала алады. Ақша аудару жолымен ғана пайдаланылады, қолма-қол берілмейді. Сондай-ақ бала 18 жасқа толғаннан кейін шотындағы қаражат 10 жыл бойы сақталатын құқық беріледі. 10 жыл ішінде ешқандай максатқа жұмсалмаған қаражат автоматты түрде баланың ерікті зейнетақы шотына аударылады.

Айта кетейік, бұл бағдарламаның іске қосылғанына разы емес ата-аналар әлеуметтік желілерде «жылына бір-ақ рет аударылған ақша осы-ақ па?» деп жарыса жазуда. Сондай-ақ барға қанағат етіп, түскен ақшаға шын қуанып жатқандар да жоқ емес. Сондай жандардың бірі – көпбалалы ана Гүлнұр Маханбетова.

– Бұл жаңалықты естігенде алғашқы да өз басым еш сенген жоқпын. Бірақ балаларымның шотына ақшалары түскенде

қуанышым қойныма сыймай, ағайын-туыс-тан сүйінші сұрадым. Балалардың болашағы үшін жасалып жатқан жобаның пайдасы мол 18 жасқа дейін жиналған қаражатқа бірі – пәтер алса, енді бірі – білімін жетілдіру үшін қажеттілігіне қарай пайдалана алады. Мемлекет басшысы бастаған ел ағаларының осындай қамқорлығына ризамын, – дейді кент тұрғыны Гүлнұр Маханбетова.

Сондай-ақ отбасыда қандай да бір қайғылы жағдай орын алып бала 18 жасқа толғанға дейін қайтыс болған жағдайда Ұлттық қордың табысынан аударылған жинағы ата-анасына немесе бауырларына беріледі. Сонымен қатар бір отбасының балалары Ұлттық қордан жиналған қаражатты Отбасы банктегі ортақ депозитке аудару құқылы. Яғни ағайынды балалар көмелетке толғаннан кейін шоттағы ақшасын Отбасы банкіне аударып, бірігіп пәтер сатып ала алады.

Бала болашағының жарқын келешегінің көмел болуы үшін жасалған жүйелі жоба келешекте жемісін беретін сөзсіз.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттерліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 206